



Ақмешіт

7 қаңтар
сенбі
№2 (1909)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Қазақстанның мұнайға бай екені әмбеге аян. Тіпті қазынамызға құйылып жатқан қаржының басым бөлігі қара алтыннан түседі. Жыл соңында немістердің біздің мұнайға қызығушылық танытып, 5 млн тоннасына тапсырыс бергені белгілі болды.



НЕМІСТЕР ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНА ТАПСЫРЫС БЕРДІ



«ҚазМұнайГаз» басшысы БАҚ өкіліне неміс тарапы жыл сайын 5 млн тонна қара алтын экспортына тапсырыс бергенін айтты, деп хабарлайды BAQ.KZ. Мағзұм Мырзағалиев экспорттың алғашқы партиясы келер айда Германияның шығысына жөнелтілетінін мәлімдеді. Шведт қаласындағы мұнай өңдеу зауытының жылдық қуаты 10 млн тоннадан астам шикізатты өңдеуге жетеді. Осылайша зауыт Берлин мен елдің шығыс аймағын отынмен қамтамасыз етеді.

– Мұнда бірнеше мәселе бар: біріншісі мұнай бағасына байланысты, екіншісі мұнайды басқа порттардан жеткізу керек. Бұған дейін мұнайымызды Новороссийск теңіз порты мен Балтық теңізіндегі Усть-Луга арқылы жеткізетінбіз. Демек осы порттардағы мұнайды алып, неміс тарапына басқа жолмен жеткізу керек болады. Қазір келіссөздер қызу жүріп жатыр, – деді ол.

24.kz-тің хабарлауынша, Қазақстан қара алтынды немістерге Каспий құбыр желісі консорциумымен салыстырғанда анағұрлым тиімді шартпен саудаламақ.

Бұған дейін Германияның Ресей мұнайынан бас тартты, оны Қазақстан өніміне алмастыратыны жайлы ақпарат тараған. Тіпті өткен жылдың мамыр айында геосаяси жағдайға байланысты көптеген неміс компаниясының Ресейден Қазақстанға ауысатыны айтылған. «ҚазАқпарат» ақпарат агенттігіне жарияланған бұл хабарды Германия экономикасы Шығыс комитетінің басқарушы директоры Михаэль Хармс мәлімдеген. Сол тұста елордада қазақстандық-германиялық бизнес-форум өткені белгілі. Герман өкілі әлгіндей мәлімдемені осы форумда жасады.

Бұл екі арадағы байланыс та, сауда қатынасы да нығайды деген сөз.

А.БЕК

3 БЕТТЕ

3 БЕТТЕ

ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР:

ЗАРДАП ШЕККЕН ДЕ, ҚАЗАҚ ЖАН БЕРГЕН ДЕ ҚАЗАҚ

Тарихқа қанды таңбасымен, жүректен ошпес қасіретімен енген қаңтар оқиғасына да жыл толды. Осыдан бір жыл бұрын қарапайым жұрттың бейбіт шеруі қанды қырғынға ұласты. Қос бүйірден қысып, алқымнан алған елдегі қымбатшылық халықты әбден титықтатып жіберді.

Бұған жастар арасындағы жұмыссыздықты қосыңыз. Тоқсан тоғыз емес, тоқсан тоғыз миллион күрмеуі тарқатылмаған мәселе бар біздің елде. Соның ең бастысы – қымбатшылық.

Газ бағасының арзандауын талап еткен Жаңаөзен тұрғындары бастаған шеру айналасы екі-үш күннің ішінде бүкіл елді қамтыды. Шеруге шыққандар «газ-50» деп өзімізден шығатын газ бағасының 50 тенгеге дейін арзандауы керек деген талап қойды. Бүкіл ел бойынша жиылған шерушілер қатары сәт санап артты. Адамдар әлеуметтік желілер арқылы бір-бірін шақырып жатты. Қымбатшылық пен жұмыссыздыққа әбден ығыр болған халық онсыз да жарылуға сәл-ақ қалып еді. Дәл осы сәтті тиімді пайдаланған арандатушылар мұның артын толқуға, билікке қарсы көтеріліске ұластырып жіберді. Ал нәтижесі не болды?.. Республикадағы бірнеше аймақтың әкімдігі қирады, сауда

орындары тоналды, құқық қорғау органдарына қарсы оқ атылды. Мемлекетке орасан-зор шығын келді. Автокөліктер өртелді. Ең сорақысы, кісі өлімі де болды. Тіпті қаңғыған оқтан жапа шеккендер де аз емес. Қаза болғандар арасында карт та, жас та, бала да бар. Осылайша қасіретті қаңтарда біреу әкесін, біреу анасын, біреу баласын жоқтап зар қакты, қайғыдан қан жұтты. Республикадағы жағдайды жіті қадағалап отырған Мемлекет басшысы тиісті шешімдер қабылдап, бүкіл Қазақстан аймағына төтенше жағдай енгізді. Осыдан кейін барып арам пиғылдыларға тосқауыл қоюға мүмкіндік туды.

Жаңа тағайындаудан не күтеміз?



Жаңа жылдың алғашқы жұмыс күні Үкімет үйінде кадрлық өзгерістерден басталды. Бір күнде Премьер-министрдің орынбасары – Үкімет аппаратының басшысы тағайындалып, бес бірдей министр ауысты.

Бұл жолғы кадрлық өзгерістердің жөні бөлек, бұрынғыға ұқсамайды. Сонысымен де елді елең еткізді десек артық айтқандық емес. Айта кетелік, «қосылғыштардың орны ауысқанмен, қосынды өзгермейді» деген жаттанды сөз бұл жолы айтылмады. Яғни бұл жолғы ауыс-түйіс жаңа есімдердің, жастардың қызметке келуімен ерекшеленді.

Үкімет үйіндегі кадрлық ауыс-түйіс үкімет басшысының орынбасарынан басталды. Жаңа қызметке тағайындалған Галымжан Тельмаұлы Қойшыбаев Премьер-Министр

орынбасары қызметіне үкімет аппаратының басшысы қызметін қоса атқарады. Екі бірдей қызметтің жауапкершілігін көтерген Галымжан Қойшыбаев Сыр топырағында дүниеге келген. 55 жастағы Үкімет басшысының су жаңа орынбасары бұған дейін елшілік қызметтерде болыпты. Бұған дейін Қазақстанның Ресейдегі, Эстониядағы, Литвадағы, Финляндиядағы елшісі қызметін атқарып, жаңа қызметіне дейін ҚР Премьер-министр кеңесінің басшысы қызметін атқарған.

3 БЕТТЕ

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

«АУЫЛ БАЛАЛАРЫНА АРНАП ОЙЫН АЛАҢЫН САЛАМЫЗ»

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
КАРАВЗЕК АУЫЛЫ

«Әкімге алты сауал» айдарының бүгінгі қонағы – Қызылөзек ауылдық округінің әкімі Әбдіжаппар Сәкен Нысанұлы.

2 БЕТТЕ

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕЙТІН ӘКЕ КӨП



4 БЕТТЕ

